

Педагогтің Т.А.Ә.	
Күні:	
Сынып:	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Тәрбие тақырыбы	«Тәуелсіздік ел тірегі - білімді ұрпақ»
Құндылық	Тәуелсіздік және отаншылдық
Мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну; Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету; Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету.
Құзыреттілік	<ul style="list-style-type: none"> ұлттық мүддені дамыту
Сабақтың түрі	<ul style="list-style-type: none"> интеллектуалды-танымдық сайыс

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезені/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
Сабақтың басы	<ul style="list-style-type: none"> Оқушылармен сәлемдесу. Мемлекеттік әнұранды айту. Бейнеролик көрсету. <p>Құрметті оқушылар! Бүгін біз ерекше күн – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні. 16 желтоқсан – әрбір қазақстандық үшін қастерлі мереке. Бұл күн – халқымыздың сан ғасырлар бойы аңсаған арманының орындалған күні, еркіндік пен бостандыққа қол жеткізген күні.</p> <p>Бүгінгі тәрбие сағатымыз ерекше өтпек! Себебі біз бүгін сіздердің Отанымызға деген сүйіспеншіліктеріңді білу мақсатында, әр түрлі кезеңдерден тұратын сұрақтар қоймасынан құралған жарыс түрінде өткізгелі отырмыз. Біз бостандыққа қалай жеттік, қандай кезеңдерді бастан өткердік, демек Қазақстан тарихы пәнінен білімдеріңізді сынайық!</p> <p>«Ту». Ту суреттерін таңдау арқылы топқа бөліну.</p>	<p>Оқушылар сәлемдеседі. Әнұранды айтады Көрсетілім. Бейнероликті көріп, өз ойларын оратаға салады.</p> <p>Оқушылар әр кезеңде келетін сұрақтарға жауап беруге дайындалады. Әр кезеңмен танысады.</p>	<p>Интерактивті тақта</p> <p>Бейнеролик</p>



Ту суреттерін таңдар арқылы оқушылар топқа бөлінеді



Сайыстың кезеңдері:



Сайысымызды бастамас бұрын топ басшылары өз топ мүшелерін таныстырып өтсін?!

I топ – «Тәуелсіздік» тобы

II топ – «Желтоқсан» тобы.

III топ. «Тұлғалар» тобы



1 кезең «Умаигра» әдісі арқылы беріледі.

1. ҚР қашан тәуелсіздік алды? 1991 ж. 16 желтоқсан
2. Егемен Қазақстанның тәуелсіздігін алғаш таныған елді атаңыз? Түркия
3. Қазақ хандығы қашан құрылды? (XV ғасырда – 1465-1466 жылдары)
4. Тәуке ханның заңдар жинағы қалай аталады? («Жеті жарғы»)
5. Абылай ханның өмір сүрген жылдары? (1711-1781 жылдар)
6. Қазақ жүздерін ата. (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз)
7. ҚР –ның астаналары болған қалаларды ата. (Орынбор, Қызылорда-Ақмешіт,

Сайыс кезеңдерімен танысады.

Сайыс ережесі:

- Тыныштық сақтау
- Ұйымшылдықпен ат салысу
- Уақыт регламентін сақтау
- Бір-бірін сыйлау

Әр топ басышалыр өз топтарының мүшелерімен таныстырып өтеді.

Әр топ жылдамдықта 5 сұрақтан сұрақтарға жауап береді. Жауап берген топтар бағаланып отырады.


Жалпы балл – 1 балл, әр сұрақ үшін





Презентация

Презентация

Ойынға сілтеме
<https://www.umapalata.com/zexpo/game.html?LANG=RU&idGames=133719>

	<p>Алматы-Верный, Астана-Ақмола)</p> <ol style="list-style-type: none"> 8. Астана қаласы қай өзеннің бойында орналасқан? (Есіл) 9. ҚР-ның Мемлекеттік Елтаңбасының авторы кім? (Жандарбек Мәлібеков, Шот Аман Уәлиханов) 10. Тәуелсіздігімізге қанша жыл толды? (32 жыл) 11. Шыңғыс ханның заңдар жинағы? («Яса»- «Жасақ») 12. Астана қаласының бейресми символына айналған ғимарат? (Бәйтерек) 13. Тәуелсіздік үшін күрескен желтоқсан оқиғасының құрбандарын ата. (Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сабира Мұхамеджанова) 14. Астана қаласының бұрынғы атауы қандай? (Целиноград) 15. Қазақтың беделді билерін ата. (Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би) <p>2. кезеңде ұяшықтарды таңдайды.</p>  <ul style="list-style-type: none"> • Тұлғалар 10 – Қазақстаннан шыққан тұңғыш саяхатшы. 1858-59ж Қашқарияға барып, әлемге аты әйгілі елдің тарихын ашқан 	<p>Әр топ ұяшықтардың таңдау арқылы сұрақтардың жауабын шешеді.</p>	<p>Презентация</p>
--	--	---	--------------------

	<p>тарихи тұлға кім? (Ш. Уалиханов)</p> <ul style="list-style-type: none"> • Тұлғалар 20 – Одақтық Ғылым академиясының Қазақ филиалының төрағасы, кейін Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш президенті болған академик, тұңғыш геолог? (Қаныш Сәтбаев) • Тұлғалар 30 – 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысушылардың ақталуына төрағалық еткен ақын, қоғам қайраткері? (Мұхтар Шаханов) • Тұлғалар 40 – Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, 1960-1962 және 1964-1986 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің I хатшысы қызметін атқарушы, еліміздің іргесін нықтап, бүгінгідей қуатты мемлекетке айналдырып кеткен жан? (Д.А.Қонаев) • Ескерткіштер 10 — Қозы Көрпеш — Баян сұлу күмбезі қай жерде орналасқан? (Аягөздің оң жағасында, Таңсық деген ауылға қарсы салынған) • Ескерткіштер 20 – Алтын киімді адамды қай жылы, қай жерден , кім тапты?(1969-1970 жылдары, Алматы қаласы, Есік қорғанынан, Кемал Ақышев) • Ескерткіштер 30 – Мына ескерткіш қашан, қай қалада,қандай оқиғаға байланысты қойылған? (2001 жылы 29 тамызында Семейдің «Полковничий» аралында Семей ядролық полигонының құрбандарына арналған «өлімнен де күшті» ескерткіші қойылды. Ескерткіш жобаның авторы Шота Уәлиханов). 		
--	--	--	--

	<ul style="list-style-type: none"> • Ескерткіштер 40 – Мына ескерткіш қашан, қай жерде, қандай оқиғаға байланысты тұрғызылған және де бұл ескерткіш қалай аталады? (2006 жылы 18 қыркүйек күні, Алматыдағы Желтоқсан және Сәтпаев көшелерінің қиылысында, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының 20 жылдығына арналған «Тәуелсіздік таңы» ескерткіші) • Ұйымдар 10 — Қазақстан қашан БҰҰ-на мүше болды? (1992 жылы 2 наурызда) • Ұйымдар 20 – ТМД қашан, қай жерде құрылды? (1991 жылы 21 желтоқсанда, Алматыда) • Ұйымдар 30 – ЕҚЫҰ саммиті Қазақстанда қашан өтті? (2010 жылы 1-2 желтоқсанда) • Ұйымдар 40 – ШЫҰ қашан құрылды және құрамына қай елдер кірді? (1996 жылы “Шанхай бестігі” ұйымы құрылды, оған Қазақстаннан, Ресей, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан кірді. 2001 жылы “бестікке” Өзбекстан қосылғаннан кейін ұйым Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) болып аталды.) <p>3 кезеңде асық ішіндегі жасырылған даталардың сырын ашады.</p> <div data-bbox="342 1524 808 1665">  </div> <div data-bbox="342 1686 743 1833">  </div> <p>1986 жыл 16 желтоқсан – Желтоқсан оқиғасы</p>	<p>Әр топқа асықтар таңдатылады. Таңдаған асықтарының ішіндегі датаның сырын ашады. Сол датада қандай оқиғаның болғандығын айтады.</p>	<p>Асықтар</p>
--	---	--	----------------

	<p>1991 жыл 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент сайланды 1991 жыл 16 желтоқсан – Тәуелсіздік туралы Заң қабылданды 1992 жыл 2 наурыз – БҰҰ-на мүше болды. 1992 жыл 4 маусым – Мемлекеттік рәміздер қабылданды 1993 жыл 28 қаңтар – Тұңғыш Конституция қабылданды 1993 жыл 15 қараша – Ұлттық валюта –теңге айналымға енді 1995 жыл 30 тамыз – Жаңа Конституция қабылданды 1998 жыл 6 мамыр — жаңа елорданың атауы Астана болып өзгертілді. 2006 жыл 7 қаңтар – Әнұранның жаңа нұсқасы қабылданды.</p> <p>4 кезеңде ұлттық құндылықтар бейнеленген макеттерді қобдишаның артында жасырылған құндылықтармен сәйкестендіріп қою керек.</p> <div data-bbox="342 1150 808 1285"> </div> <div data-bbox="331 1310 808 1629"> </div> <p>5 кезеңде топ басшылары Mozaik 3Д платформадан әлем мемлекеттерін 3 минутта жылдамдықта табуы керек. <i>(Әлем елдері бөлімі)</i></p>	<p>Әр топтан 4 оқушыдан шығып танымдық ойын ойнайды. Ұлттық құндылықтармызды дәріптеу мақсатында қолдарына ұстаған суретті қорапша артында жасырын тұрған суретпен сәйкестендіруі керек.</p>	<p>Қорапша Суреттер Ұлттық құндылықтар</p>
--	---	--	--

5
кезең

• Әлемді
тану



Сабақтың соңы
Қорытынды.
Әділ-қазы алқалары жеңген
топты марапаттайды.
Марапаттау.

Жеңген топ марапатталады.

Зд платформасы,
ноутбук

Марапаттар